

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 мамырдағы N 323 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық K941000_ кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат):

1) 105-баптың 2-тармағындағы "егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе" деген сөздер "егер заң актілерінде қосымша қаржыландыру көздері белгіленбесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 139-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Акционерлік қоғамдарда акционерлердің құрылтай немесе жалпы жиналысы жарғылық капиталды қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын "алтын акция" енгізуі мүмкін. "Алтын акция" иесінің жалпы жиналыстың, басқарманың және директорлар кеңесінің қоғам жарғысымен белгіленетін мәселелер жөніндегі шешімдеріне вето қоюға ғана құқығы болады.

"Алтын акциямен" куәландырылған вето қою құқығы берілуге жатпайды.";

3) 192-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.";

4) 2 0 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік органның" деген сөздерден кейін "жазбаша" деген сөзбен толықтырылсын ;

"кәсіпкерлік қызметтің мына түрлерін жасауға" деген сөздер алып тасталсын;

1) т а р м а қ ш а д а :

"өзге адамдарға сатуға және беруге, айырбастауға" деген сөздер "иеліктен айыруға

немесе өзгеше әдіспен билік етуге (осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорларын" деген сөз "құралдарын" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақша "филиалдар" деген сөзден кейін ", өкілдіктер" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) оған тиесілі акцияларға (осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заемдар беруге;"

2 - тармақта :

"қорларға" деген сөз "құралдарға" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның мемлекеттік кәсіпорынның негізгі құралдарына жататын мүлікке қатысты, сондай-ақ оған тиесілі акцияларды сатуға және сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ."

5) 2 0 6 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"сол мүліктің меншік иесінің келісуімен ғана иеліктен айыруға немесе оған өзгеше әдіспен билік етуге" деген сөздер ", сол мүліктің меншік иесінің жазбаша келісімімен ғана иеліктен айыруға немесе оған өзгеше әдіспен билік етуге, сондай-ақ дебиторлық берешекті, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, беруге және есептен шығаруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазыналық кәсіпорынның өзінің негізгі құралдарына жататын мүлікті сатуға және оған қатысты сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ."

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі К990409_ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат):

910-баптың 1-тармағындағы бірінші бөлікте "саудаластық негізінде (тендер, аукцион)" деген сөздер "тендер, аукцион әрі саудаластықтың Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген өзге де нысандары негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат):

1) кіріспе алып тасталсын;

2) 2-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "әкімдер" деген сөз "атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару және мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асыру

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің функцияларын республикалық мемлекеттік меншікке билік етуге Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - уәкілетті орган) орындайды.

Министрліктер, агенттіктер, ведомстволар және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген өзге де мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары (бұдан әрі - мемлекеттік басқару органдары) болып т а б ы л а д ы .

2. Коммуналдық меншік құқығы субъектісінің коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты функцияларын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімияты (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімияты не жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, әкім уәкілеттік берген атқарушы орган (бұдан әрі - мемлекеттік басқару органы) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болып табылады.";

4) 4-баптың 1-тармағындағы "әкімнің" деген сөз "атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 6 - б а п т а :

1-тармағының екінші бөлігі "жарғысын" деген сөзден кейін "мемлекеттік басқару органының ұсынуы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын және "уәкілді органы" деген сөздер "уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а ғ ы н д а :

"(уәкілді органы)" және "(уәкілді орган)" деген сөздер тиісінше "(уәкілетті органы) және мемлекеттік басқару органы" және "(уәкілетті орган), кәсіпорын мен мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағындағы екінші өзгеріс қазақша мәтіндегі күйінде қалдырылсын;

6) 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлік "мақсатын" деген сөзден кейін ", мемлекеттік басқару органының

ұсынуы бойынша," деген сөздермен толықтырылсын, "(уәкілді органы)" деген сөздер "(уәкілетті органы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік кәсіпорындарға мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын беруге жол берілмейді.";

7) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органының мыналарға:

- 1) мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын айқындауға;
- 2) мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық қызметінің ағымдағы және перспективалық жоспарларын, оның ішінде жоспарлы қаржылық көрсеткіштерін, оларды берудің мерзімділігі мен тәртібін қарауға және бекітуге;
- 3) уәкілетті органға тиісті есепті ол белгілеген мерзімде табыс ете отырып, мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын бақылауға және талдауға;
- 4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен мемлекеттік басшыны тағайындауға және оны аттестаттаудан өткізуге;
- 5) мемлекеттік кәсіпорын мүлкінің мақсатқа сай пайдаланылуын және сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;
- 6) осы Жарлықпен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілеттіктері болады.";

2-тармақтағы "оның уәкілді органы тағайындайтын және оған есеп беретін" деген сөздер "мемлекеттік басқару органына есеп беретін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік басқару органы кәсіпорынның басшысымен қатынасты Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес жеке еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді .

Жеке еңбек шартында оның қолданылу мерзімінен, еңбек, демалыс жағдайларынан, материалдық жағынан қамтамасыз етілуінен, Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарында көзделген кепілдіктер ескеріле отырып, атқаратын қызметінен босату негіздерінен басқа, кәсіпорын басшысының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, оның ішінде таза табыстың белгіленген бөлігін мемлекеттік бюджетке уақтылы аудармағаны және қаржы-шаруашылық есептілігі туралы мәліметтер бермегені үшін жауапкершілігі айқындалады.";

4-тармақ "меншік иесінің" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік басқару органының" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ "кәсіпорынның мүлкіне" деген сөздердің алдынан "осы Жарлықпен белгіленген шектерде" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші бөлігіндегі "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 10 - б а п т а :

1-тармақтағы "қорлар мен" деген сөздер "және" деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Мемлекеттік кәсіпорындардың негізгі құралдарға жататын, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында бекітілген мүлікке, сондай-ақ оларға тиесілі акцияларға қатысты сатуға және сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.

5. Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде уәкілетті орган мемлекеттік кәсіпорынға кейіннен мүлікті баланстан шығара отырып, оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстаудың және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілеуге құқылы."

9) 12 - б а п т ы ң 3 - т а р м а ғ ы н д а :

", оны оқшаулау жөніндегі мәмілелерді қоспағанда" деген сөздер алып тасталсын;

"әкімнің" деген сөз "атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 13-баптың 2-тармағындағы "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 14 - б а п т а :

", оған уәкілді органның рұқсаты алынбаған" деген сөздер алып тасталсын;

"уәкілді органның немесе өзге де құзыретті органның шешімі бойынша" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 16 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлігіндегі "әкімнің" деген сөз "атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігіндегі "уәкілді орган" деген сөздер ", егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 21 - б а п т а :

тақырыбындағы және мәтініндегі "қорлары", "қорының", "қордың", "қорды", "қорын", "қорлардың" деген сөздер тиісінше "капиталдары", "капиталының", "капиталдың", "капиталды", "капиталын", "капиталдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "белгіленген" деген сөзден кейін "айлық" деген сөзбен толықтырылсын;

14) 23 және 24-баптар алып тасталсын;

15) 25 - бапта :
1 - тармақта :
бірінші бөлігінде :

"меншік иесінің немесе уәкілді органның келісімінсіз кәсіпкерлік қызметтің мына түрлерін жасауға" деген сөздер "уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өзіне тиесілі үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды және кәсіпорынның басқа да негізгі құралдарын иеліктен айыруға немесе өзге де әдіспен оларға билік етуге (осы Жарлықтың 10-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда), ұзақ мерзімді (үш жылдан астам) жалға беруге, уақытша тегін пайдалануға беруге;"

2) тармақша "филиалдар" деген сөзден кейін ", өкілдіктер" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) өзіне тиесілі акцияларға (осы Жарлықтың 10-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

2-2) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге ; "

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заемдар беруге құқы жоқ.";

екінші бөлігі алып тасталсын;

3-тармақтағы "қорларға" деген сөз "құралдарға" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 26-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "уәкілді органның" деген сөздер "мемлекеттік басқару органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік кәсіпорындарын қоспағанда) таза табысының бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін белгілейді.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік басқару органы жергілікті қаржы органдарының келісімімен жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін белгілейді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджетке есептелуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының таза табысының бір бөлігі өздері белгілейтін мерзімде, мөлшерде және тәртіппен оның бюджетіне есептелуге тиіс.";

1 8) 2 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын мемлекеттік басқару органы белгілеп отырады.";

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 29-бап алып тасталсын;

20) 30-баптың үшінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі "Құрылтайшының (уәкілді органның)" деген сөздер "Құрылтайшының (уәкілетті органның) немесе мемлекеттік басқару органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 1) 3 5 - б а п т а :

2-тармақта "уәкілді органның келісімінсіз негізгі қорға" деген сөздер "мемлекеттік басқару органының жазбаша келісімінсіз негізгі құралдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазыналық кәсіпорын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен банк заемдарын пайдалануға құқылы.";

22) 36-бап алып тасталсын;

2 3) 3 8 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "уәкілді органның келісуімен" деген сөздер ", осы Жарлықтың 10-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік басқару органының жазбаша келісімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

24) 39-баптағы "уәкілді органдар" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 40-баптағы "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 41-баптың 1-тармағындағы "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"42-бап. Қазыналық кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу

Қазыналық кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу қорын мемлекеттік басқару органы белгілейді.

Қазыналық кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

28) 43-бап алып тасталсын;

2 9) 4 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорынды қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру мемлекеттік басқару органының уәкілетті органмен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, коммуналдық кәсіпорынды қайта құру жергілікті атқарушы органның шешімімен жүргізіледі." ;

2-тармақ алып тасталсын;

30) 49-баптың 1-тармағында :

бірінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің" деген сөздер "баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі орталық атқарушы органның" деген сөздермен, "уәкілді орган" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "әкімнің" деген сөз "атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 50-бапта :

1-тармағындағы "(осы Жарлықтың 24-бабы)" деген сөздер ", осы Жарлықтың 25-бабы 1-тармағының 1), 2-1) тармақшаларында көзделген, негізгі кәсіпорынның уәкілетті органымен келісілетін жағдайларын қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "әкімнің" деген сөз "атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 21, 396-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат):

1) кіріспе алып тасталсын;

2) 2-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жүзеге асырылуы жекешелендіру объектісін сату шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға Қазақстан Республикасының заң актілеріне немесе құрылтай құжаттарына сәйкес құқығы жоқ заңды тұлғалар жекешелендіру кезінде сатып алушы бола алмайды.";

3) 5-бапта :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік мүліктің мынадай түрлері:

1) мүліктік кешен ретіндегі мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекеме (бұдан әрі - кәсіпорын);

2) жекешелендірілуі тұйық технологиялық тізбекті бұзбайтын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның өндірістік және өндірістік емес бөлімшелері мен құрылымдық бірліктері ;

3) кәсіпорынның мүлкі;

4) акциялар;

5) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестер;

6) мемлекетке тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздар;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген өзге де мемлекеттік мүлік жекешелендіру объектілері
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тек мемлекеттік меншікте ғана болуы мүмкін мемлекеттік мүлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Үкіметінің шешімдеріне сәйкес жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлік жекешелендіру объектісі болуы мүмкін емес.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Табиғи монополия субъектілері немесе тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие болып отырған рынок субъектілері болып табылатын не Республика экономикасының жекелеген саласы (секторы) үшін стратегиялық маңызы бар ұйымдардың мүліктік кешендерін немесе акциялардың мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды және онда жекешелендірудің түріне арналған нұсқау болуға тиіс. Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының (секторларының) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

4) 7, 8 және 9-баптар алып тасталсын;

5) 10 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Мемлекетке тиесілі акциялар және мемлекеттің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекетке тиесілі акцияларды және мемлекеттің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерін сату Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленген талаптар сақтала отырып жүргізілуге тиіс.";

6) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Жекешелендірудің түрлері

1. Жекешелендіру мынадай түрлерде:

1) аукцион, тендер, қор биржасындағы сауда-саттық, екі кезеңді рәсімдер жолымен өтетін конкурс, туынды бағалы қағаздарды сату нысанындағы сауда-саттықта сату;

2) тікелей бәсірелі сату түрлерінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік мүлікті сатуға тікелей алып келмейтін, бірақ оның кейіннен сатылуын көздейтін әрекеттер (жабық үлгідегі акционерлік қоғамды ашық үлгідегі акционерлік қоғамға өзгерту, мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беру не оны тиісінше жалдаушының (жалгердің) не сенім білдірілген басқарушының кейіннен сатып алу құқығымен сенім білдірілген басқаруға беру) жекешелендірудің түрлері ретінде емес, оның алдын ала жүргізілетін сатылары ретінде қарастырылады.";

7) 13 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Сауда-саттық өткізудің талаптары";

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі бірінші сөйлем алып тасталсын;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сауда-саттық ашық болуға тиіс, оны өткізу тәртібі осы Жарлықтың 14-14-3-баптарымен" белгіленеді.";

8) 14 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"шаруашылық серіктестіктердің жарғылық қорларындағы акциялары мен үлестері" деген сөздер "мемлекетке тиесілі акциялар және мемлекеттің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"республикалық ресми баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде" деген сөздер "ресми басылымдарда мемлекеттік тілде және орыс тілінде" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Сатып алу-сату шарты Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мүдделі адамдарға танысу үшін берілуге тиіс.";

8 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Егер осы Жарлықта өзгеше көзделмесе, сауда-саттық өткізу кезінде осы бапта белгіленген ережелер қолданылады.";

9) мынадай мазмұндағы 14-1, 14-2 және 14-3 баптармен толықтырылсын:

"14-1. Қор биржасындағы сауда-саттық

1. Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды қор биржасында сату Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына және биржалық сауда ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды шет мемлекеттердің қор биржаларында сатуға жол беріледі.

2. Сату туралы хабарлама қор биржасында сауда-саттық өткізу басталғанға дейін кем дегенде он бес күн бұрын ресми басылымдарда мемлекеттік тілде және орыс

тілінде жариялануға және онда сауда-саттық басталатын күн, сауда-саттық өткізілетін орын, сату объектісі мен оның мөлшері туралы мәліметтер болуға тиіс.

Сатушы хабарламада мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатуға қатысты өзге де мәліметтерді көрсетуге құқылы.

3. Сатушының бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысымен жасалатын шартында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатушы белгілеген ең төменгі бағадан төмен болмайтын бағамен сатуға міндеттеме болуға тиіс.

14-2-бап. Екі кезеңді рәсімдер жолымен өткізілетін конкурс

1. Екі кезеңді рәсімдер жолымен өткізілетін конкурс (бұдан әрі - конкурс) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелендірудің баға басымдығын және (немесе) өзге талаптарын айқындайтын шешімі бойынша қаржы кеңесшісінің қатысуымен өткізіледі.

2. Конкурс мынадай іс-шаралар жоспарын:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаржы кеңесшісін тартуды;

2) жекешелендіру объектісін жан-жақты талдауды, оның құнын бағалауды және әлеуетті сатып алушылар (инвесторлар) үшін сату объектісі туралы деректердің ақпараттық базасын қалыптастыруды;

3) сатушының жекешелендіру объектісін сату туралы хабарламаны ресми басылымдарда мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялануын, сондай-ақ қаржы кеңесшісінің әлеуетті сатып алушыларға (инвесторларға) сату туралы ұсынысты жіберуін;

4) қаржы кеңесшісінің әлеуетті сатып алушылардың (инвесторлардың) ұсыныстар бар өтінімдерінің тізбесін қалыптастыруын;

5) келіссөздер барысында ең жақсы ұсыныстар берген (конкурстың бірінші кезеңі) кемінде екі әлеуетті сатып алушыны (инвесторды) анықтау мақсатында қаржы кеңесшісінің қатысуымен сатушының әлеуетті сатып алушылармен (инвесторлармен) өтінімдердің тізбесі бойынша келіссөздер өткізуін;

6) қаржы кеңесшісінің қатысуымен сатушының бұрын ұсынылған талаптарды жақсарту тұрғысында конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпаздарымен келіссөздер өткізуін (конкурстың екінші кезеңі) қамтиды.

3. Сатушы, қаржы кеңесшісі және конкурстың барлық қатысушылары өткізген келіссөздердің әрбір кезеңінің қорытындылары бойынша оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылады.

4. Конкурстың екінші кезеңінің барысында ең жақсы талаптар ұсынған әлеуетті сатып алушы (инвестор) конкурста жеңіп шыққан болып танылады.

5. Конкурстың жеңімпазы сатушы белгілеген мерзімде сатып алу-сату шартына қол

қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, ұсынысы конкурс жеңімпазынан кейінгі ең жақсы ұсыныс болып танылған әлеуетті сатып алушы (инвестор) сатып алу-сату шартына қол қояды.

14-3-бап. Мемлекетке тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату

1. Мемлекетке тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды (бұдан әрі - туынды бағалы қағаздар) сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Туынды бағалы қағаздарды сатудың негізгі талаптарын сатушы Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге табыс етеді.

3. Туынды бағалы қағаздарды сату туралы шешімде туынды бағалы қағаздар шығарылған мемлекетке тиесілі акциялардың саны, сатылатын туынды бағалы қағаздардың үлгісі, аумағында туынды бағалы қағаздарды сату жүзеге асырылады деп көзделіп отырған шет мемлекет (шет мемлекеттер), мәмілені аяқтаудың ең ұзақ мерзімдері, туынды бағалы қағаздардың меншік иелерінің құқықтарын іске асырудың талаптары мен тәртібі және қажет болған жағдайда, өзге де талаптар туралы мәліметтер болуға тиіс."

1 0) 1 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігіндегі "жалға", "жалгерге" деген сөздер тиісінше "мүліктік жалдауға (жалға)", "жалдаушыға (жалгерге)" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекешелендіру объектілерін жалдаушыға (жалгерге) және сенім білдірілген басқарушыға сатуға олар тиісті шартты ойдағыдай орындаған жағдайда ғана жол беріледі."

2 - т а р м а қ т а :

"аренда" деген сөз "мүліктік жалдау (жал)" деген сөздермен ауыстырылсын; "кәсіпорынды" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын;

1 1) 1 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 . М ы н а л а р :

1) осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайда жабық акционерлік қоғам үлгісін ашық акционерлік қоғамға өзгерту;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүліктің сенім білдірілген басқаруға немесе кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға) берілуі жекешелендірудің алдын ала жүргізілген сатылары болып танылады."

2, 3, 4-тармақтардағы "жалгер", "жалға беру", "жалгермен", "жалгердің", "жалдау"

деген сөздер тиісінше "жалдаушы (жалгер)", "мүліктік жалдауға (жалға) беру", "жалдаушымен (жалгермен)", "жалдаушының ("жалгердің)", "мүліктік жалдау (жалдау)" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Егер мемлекетке жабық акционерлік қоғамның сатуға жататын, шығарылған дауыс берілетін акцияларының кемінде үштен екісі тиесілі болса, бұл акционерлік қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ашық акционерлік қоғам болып қайта құрылуға тиіс.";

1 2) 1 7 - б а п т а :

2-тармақтың 2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сатып алушының талап етуі бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары туралы, сондай-ақ жекешелендіру объектісі мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын болса, жекешелендірілетін кәсіпорынның жасалған келісім-шарттары мен шарттарындағы кредиторлық және дебиторлық берешектерінің сомасы туралы ақпаратты әзірлейді және табыс етеді;"

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жарғылық капиталдарындағы мемлекеттің акциялары мен қатысу үлесі сату объектісі болатын мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік емес заңды тұлғалардың лауазымды адамдары сатушының сауал салуы бойынша объектіні сатуға дайындау үшін қажетті мәліметтерді ол белгілейтін мерзімдерде табыс етуге міндетті.

Табыс етілген мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілік осы тармақта тізіп келтірілген заңды тұлғалардың лауазымды адамдарына жүктеледі.";

13) 18-бап алып тасталсын;

14) 20-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік бюджет кірісіне" деген сөздер " мемлекеттік бюджетке" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 2 2 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шарт талаптарының орындалуын бақылау сатып алушының міндеттемелерді орындап біткен кезіне дейін жүргізіледі.";

екінші бөлік "сатып алу-сату шартын" деген сөздерден кейін ", оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан шартты" деген сөздермен толықтырылсын;

1 6) 2 6 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"2. Егер сатып алу-сату шартының бұзылуына тараптардың біреуінің оны едәуір бұзуы негіз болса, тараптар мәміле бойынша өздерінің орындағанын қайтаруды және оларға келтірілген залалдың өтелуін талап етуге құқылы."

5. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Z980220_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж. N 20, 727-құжат):

8 - б а п т а :

2-тармақ "Мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін "(Қазақстан Республикасының Үкіметін немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің жергілікті атқарушы органын қоспағанда) және мемлекеттік кәсіпорындардың" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ алып тасталсын.

6. "Акционерлік қоғамдар туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Z980281_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 223-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; N 24, 1072-құжат; 2001 ж., N 23, 321-құжат):

1) 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Үкіметін, жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер қоғамның құрылтайшысы немесе қатысушысы ретінде әрекет ете алмайды.";

2) 17-баптың 1-тармағындағы "Ашық қоғам" деген сөздер "Қоғам" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 22-баптың 4-тармағында:

"құрылтайшылары" деген сөз "акционерлерінің құрылтай немесе жалпы жиналысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қоғам органдарының" деген сөздер "жалпы жиналыстың, басқарманың және директорлар кеңесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Алтын акциямен" куәландырылған вето қою құқығы берілуге жатпайды.";

4) мынадай мазмұндағы 46-1-баппен толықтырылсын:

"46-1-бап. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын қоғамды басқарудың ерекшеліктері

1. Республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік орган өзге мемлекеттік органға Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Ұлттық Банктің шешімі бойынша ғана беруі мүмкін.

2. Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы жергілікті атқарушы органның шешімімен өзге мемлекеттік органға берілуі мүмкін.

3. Акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асырушы мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекет мүдделерін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі акциялардың мемлекеттік пакеттерін иеленуді

және пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мемлекет қатысатын акционерлердің жалпы жиналысында қабылдауға ұсынылатын шешімдердің жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметімен және (немесе) мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органмен алдын ала жазбаша келісіп алуды қамтамасыз етуге міндетті болатын мәселелердің тізбесін белгілейді.

4. Ұлттық компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларын бекіту міндетті болып табылады.

Ұлттық компанияларды қоспағанда, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі қоғамның директорлар кеңесі қоғамның атқарушы органының ұсынуы бойынша қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің орта мерзімді және ағымдағы (жылдық) жоспарларын бекітеді.

Ұлттық компаниялардың индикативтік жоспарлары және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын қоғамдардың қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлары мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде табыс етіледі.

5. Қазақстан Республикасының өзге заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық экономиканың негізін құрайтын стратегиялық маңызды салаларда құрылған акционерлік қоғам ұлттық компания болып табылады.

Ұлттық компаниялардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын қоғамның атқарушы органы аталған акцияларды иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органға акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейін табыс етуге міндетті.";

5) 48 - бапта :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) "алтын акцияны" енгізу және күшін жою;"

2-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі "білікті көпшілігі" деген сөздерден кейін ", ал инвестициялық жекешелендіру қорларын қайта ұйымдастыру процесінде құрылған қоғамдарда - дауыс беруге қатысқан акциялардың кемінде үштен екісі мөлшеріндегі көпшілік даусымен" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 51 - бапта :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қоғам "алтын акцияның" иесін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабардар етуге міндетті.

Қоғамнан ақпарат алу бөлігінде "алтын акция" иесінің акционерлермен бірдей құқығы бар." ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) инвестициялық жекешелендіру қорларын қайта ұйымдастыру процесінде құрылған қоғамдар үшін - инвестициялық жекешелендіру қорларының қоғам болып қайта ұйымдастырылғанға дейінгі толық атауы мен лицензияларының нөмірі;"

7) 5 3 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші сөйлемі "немесе сондай акционерлердің өкілдері" деген сөздерден кейін ", осы баптың 2-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Инвестициялық жекешелендіру қорын (инвестициялық жекешелендіру қорларын) қайта ұйымдастыру жолымен құрылған қоғам акционерлерінің қайтадан өтетін жалпы жиналысының, егер оған қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде дауыс беретін акциялардың бес жүзден астам иесі, оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе осындай акционерлер өкілдері) тіркелген болса, шешім қабылдауға құқығы бар.";

8) 57-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Он мыңнан астам акционерлері бар қоғамдар, сондай-ақ инвестициялық жекешелендіру қорлары және инвестициялық жекешелендіру қорлары қайта ұйымдастыру жолымен құрылған қоғамдар осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімде кемінде қырық мың дана таралыммен шығарылатын республикалық баспа басылымдарында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді таратуға құқылы.";

9) 61-баптың 2-тармағы "қоғамның директорлар кеңесінің" деген сөздерден кейін " мемлекеттік қызметші болып табылмайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 62-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Директорлар кеңесі өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша директорлар кеңесінің құрамындағы кемінде үштен бір бөлігін құрайтын мүшелерінің талап етуімен қоғамның қаражаты есебінен тәуелсіз сарапшылар, консультанттар тартуға міндетті.";

11) 63-баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі "Ашық қоғам" деген сөздердің алдынан "Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін жалғыз акционері бар қоғамдарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын, " Ашық" деген сөз кіші әріппен жазылсын;

12) 67-баптың 1-тармағы "директорлар кеңесінің мүшелеріне" деген сөздерден кейін "және алтын акцияның иесіне" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 72-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Атқарушы органның басшысы немесе оның атынан және оның тапсыруымен әрекет ететін адам, қоғамның атқарушы органы қабылдайтын шешімдерді өздеріне қатысты veto құқығы белгіленген мәселелер бойынша "алтын акция" иесімен келісуге міндетті.";

14) 86-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жылдық қаржылық есептілік бухгалтерлік балансты, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепті, сондай-ақ қоғам ақшасының қозғалысы туралы есепті қамтиды.";

15) мынадай мазмұндағы 88-1-баппен толықтырылсын:

"88-1-бап. Директорлар кеңесінің мүшелеріне қоғамның ақпарат беруі

Қоғамның атқарушы органы, директорлар кеңесінің мүшелеріне, өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде сауал салуды алған кезінен бастап он күн мерзімнен кешіктірмей, қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаты бар ақпаратты уақтылы беруді қамтамасыз етеді."

2-бап. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған жабық акционерлік қоғамдардың резервтік капиталдары осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде қалыптастырылуға тиіс.

3-бап. Осы Заң оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті